



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер
үйі, 5 - кіреберіс,
тел.: 7 (7172) 743650, факс: 7 (7172) 743727
e-mail: minzdrav@dsm.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 8, Дом
Министерств, 5 подъезд,
тел.: 7 (7172) 743650, факс: 7 (7172) 743727
e-mail: minzdrav@dsm.gov.kz

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары –
«Аманат» партиясы
фракциясының мүшелері
Б.М. Сартбаевқа
Г.А. Нұрымоваға
Ж.Ә. Омарбековаға
Ә.С. Сапароваға**

*2022 жылғы 23 қарашадағы
№ДС-332 хатына*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) 2022 жылғы 23 қарашадағы №ДС-332 депутаттық сауалнамаға қатысты мынаны хабарлайды.

1. Шұғыл түрде орталықты қаржыландыру мәселесін шешу жолдарын анықтауды және үй-жай мәселесін шешуді: жалдау ақысын төлеуге жәрдемдесу немесе тұрақты үй-жай беру мүмкіндігін қарастыру.

Астана қаласы бойынша 2022 жылғы 18 қарашадағы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде бекітілген медициналық қызметтерді сатып алу жоспарына сәйкес паллиативтік көмекті 128 төсек-орынға (*стандарт бойынша*) 340 төсек-тәуліктік қамтамасыз ету үшін 452 759 мың теңге сомасында қаражат бөлінді.

2022 жылғы 30 қарашадағы жағдайға сәйкес «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ (бұдан әрі – Қор) Астана қаласы бойынша паллиативтік көмек көрсету қызметтерін көрсетуге сатып алу шарттарын 5 денсаулық сақтау ұйымымен жасаған, олар:

- «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК – 9 885 566,5 теңге сомасына;
- «№2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК – 10 004 196,48 теңге сомасына;
- «Көпсалалы медициналық орталық» ШЖҚ МКК – 59 073 078,91 теңге сомасына;

- «Адал ниет Астана» Жеке қайырымдылық қоры – 15 598 433,57 теңге сомасына;

- «AMARA Investment» ЖШС – 332 514 413,5 теңге сомасына келісім-шарт жасалған. 2022 жылдың 10 айында «AMARA Investment» ЖШС ұсынған сома 298 703 521 теңгені құрады, төлемге 273 326 692 теңге немесе 92% қабылданды.

Жалпы а.ж. 10 айдың қорытындысына сәйкес Астана қаласы бойынша паллиативтік көмек қызметтерін көрсетуге сатып алу шарттарының қалдық сомасы – 59 187 721 теңгені құраған. Осылайша, Қордың деректеріне сәйкес, шарттың орындау қарқынын және орташа айлық орындалуын ескере отырып, шарттың қалдығы есебінен ағымдағы жылдың қараша және желтоқсан айларында қызметтер үшін ақы төлеу жеткілікті.

2. Паллиативтік көмек орталықтары орналасқан жері бойынша жергілікті бюджеттен қаржыландыру ала алатын мүмкіндікті қарастыру.

«Паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы №ҚР ДСМ-209/2020 бұйрығының 2-тарауына сәйкес Паллиативтік медициналық көмек денсаулық сақтау ұйымдарының мамандандырылған құрылымдық бөлімшелерінде (*бөлімдерде, палаталарда, төсектерде*), *дербес мамандандырылған медициналық ұйымдарда (мейіргерлік күтім ауруханаларында, хостистерде)* стационарлық, стационарды алмастыратын жағдайларда және үйде, оның ішінде мобильдік бригадаларды пайдалана отырып жүзеге асырылады және паллиативтік медициналық көмек ұйымдары аудандық және облыстық орталықтарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада құрылады.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 54-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес, облыстық бюджеттің шығыстары жергілікті өкілді органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету бойынша жүзеге асырылады.

3. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қатысушыларының қызметіне қойылатын нақты талаптарды ретке келтіру, айқындау және мониторингті талқылауға қолжетімді «ашық» ету.

Паллиативтік медициналық көмек қызметтерін жоспарлау «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көлемін жоспарлау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-290/2020 бұйрығының 9-параграфына сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар, «Паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы №ҚР ДСМ-209/2020 бұйрығының

6-тармағына сәйкес паллиативтік медициналық көмек көрсету үшін төсектермен қамтамасыз ету **100 000 тұрғынға** шаққанда кемінде **10 төсек** көзделеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығымен бекітілген «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – *Төлеу қағидалары*) 83-тармағына сәйкес науқастың ұзақ уақыт болуына паллиативтік көмек көрсету кезінде төлем тоқсан күн болған кезде бір төсек-күн үшін тариф бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте, есепті кезеңде **бір пациент тоқсан күн болған кезде барлық төсек-күндер бір емделген жағдай ретінде есептеледі.**

Ақы төлеу бір емделген жағдай аяқталғанда көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі мониторингінің нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады. Төлеу қағидаларының 2-бөлімінің 5-тармағына сәйкес қызметтерді сатып алу шарты бойынша төлемнің есепті кезеңі **күнтізбелік ай болып табылады.** Яғни, есепті кезең аяқталғаннан кейін төлем құжаттары қалыптастырылады, оның ішінде көрсетілген қызметтер үшін шот-тізілім, қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасы және көрсетілген қызметтер актісі боуы қажет. Осылайша, көрсетілген қызметтер үшін төлемді жасалған сатып алу шартына және төлем ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

4. Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізіп, «стационарлық» пен «паллиативтік көмек» ұғымдарын нақты ажыратып, осылайша, паллиативтік көмекке мұқтаж пациенттердің құқықтарын қорғау.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы «Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» № ҚР-ДСМ-27 бұйрығының 2-тармағы 10-тармақшасына сәйкес, стационарлық жағдайларда медициналық көмек – тәулік бойы медициналық байқау, емдеу, күтім, сондай-ақ тамақпен бірге төсек-орын беру көзделетін стационарлық жағдайларда, оның ішінде емдеу басталғаннан кейін алғашқы тәуліктер ішінде тәулік бойы байқау көзделетін «бір күннің» терапиясы және хирургиясы жағдайларында ұсыну болып табылады.


Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 126-бабының 2-тармағына сәйкес паллиативтік медициналық көмек - радикалды емдеу жүргізуге көрсетілімдері болмаған кезде жазылмайтын ауру пациенттің ауырсынуын және ауруының (жай-күйінің) ауыр көріністерін жеңілдетуге бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-209/2020 «Паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес паллиативтік медициналық көмек қажет ететін пациенттің тәулік бойы немесе күндізгі стационарда болу ұзақтығы бойынша шектеулер жоқ екенін атап өтеміз.

**Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы**

Т.Сұлтанғазиев

✉ Сағитұлы Ғ.
☎ 74 28 43



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Астана қаласы

№ _____

город Астана

2022 жылдың 19 желтоқсаны № 290-і

Министрдің жұмыс сапары туралы

Мемлекет Басшысының 2022 жылғы 7 сәуірдегі «Орталық атқарушы органдар басшыларының халықпен кездесулерін өткізу туралы» № 863 Жарлығын іске асыру және орталық атқарушы органдар басшыларының 2022 жылға арналған халықпен кездесулер кестесінің шеңберінде 2022 жылғы 19 желтоқсаннан бастап 20 желтоқсанды қоса алғанда Ұлытау облысына іссапарға барамын.

Іссапар кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқару Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сламжанұлы Сұлтанғазиевқа жүктелсін.

Іссапар шығыстарын өтеу шарттары:


- тәулікақыны өтеу үшін күндер саны - 2;
- тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстарды өтеу үшін күндер саны – 1;
- Астана – Жезқазған – Астана бағыты бойынша әуе көлігімен.

Министр

А. Ғиният

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІ
КӨШІРМЕ ДҰРЫС





БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

Астана қаласы

город Астана

19 декабря 2022 года № 290-і

О рабочей поездке Министра

В рамках реализации Указа Главы Государства № 863 от 7 апреля 2022 года «О проведении встреч руководителей центральных исполнительных органов с населением» и графика встреч руководителей центральных исполнительных органов с населением на 2022 год, убываю в Улытаускую область с 19 по 20 декабря 2022 года.

На период моей командировки исполнение обязанностей Министра здравоохранения Республики Казахстан возложить на Султангазиева Тимура Сламжановича – первого вице-министра здравоохранения Республики Казахстан.

Условия возмещения командировочных расходов:

- количество дней для возмещения суточных – 2;
- количество дней для возмещения расходов по найму жилого помещения – 1;
- воздушным транспортом по маршруту Астана – Жезказган – Астана.

Министр

А. Гиният

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІ
КӨШІРМЕ ДҰРЫС

